


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



*Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым*



**Н00028**

*07.06.2020 жс*

**2**

**0**

**2**

**0**

**КОЙБАГАРОВА ГУЛДАУРЕН  
БАЙМАҒАНБЕТОВНА**

*Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қосжар ауылы  
№ 67 орта мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиешісі*

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

**07.06.2020 ЖЫЛ | № Н00028**

**Білім беретін, ғылыми,  
танымдық, жарнамалық басылым**

-----  
МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

-----  
«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың  
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

-----  
Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Күәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

-----  
Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ**

*Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қосжар ауылы № 67 орта мектеп жанындағы  
шағын орталық тәрбиешісі Койбагарова Гулдаурен Баймаганбетовна*

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім.

Бүгінгі таңда балабақшаның тәрбиешісінің ең қасиетті міндеті - рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет.

Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті-әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен тәрбиешінің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Тәрбиеші-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік – саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу-тәрбиешінің басты міндеті. Тәрбиеші жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның тәрбиешілік тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады.

Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, балабақша қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару үшін тәрбиеші ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал.

Я.А.Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп көрсететін тәрбиешіні өте жоғары бағалады: «Тәрбиеші-мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес». Балалардың санасы мен мінез-құлқының қалыптасуына тәрбиешінің жеке басының, оның моральдық бейнесінің атқаратын ролі орасан зор. Бұл әсерді өзінің күші жағынан ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл- ерекше құдіретті күш. Орыстың ұлы педагогі Д.К.Ушинский «Тәрбие де барлығы да тәрбиешінің жеке басына негізделуге тиіс. Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы қаншалықты жетілдірілгенімен тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлқына сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес.» деп жазды. Сондықтан тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі. Ерік-қайраты күшті, мінезге бай жас өспірімдерді қалыптастыру үшін тәрбиешінің жеке басы сол талаптарға сай болу керек. Тәрбиешінің жеке басында сөз бен істің арасында алшақтық болмау керек.

Тәрбие жайындағы белгілі мәліметтер адам баласының тәрбиесіне сүйенеді. С.А.Назарбаеваның «Ұстаздан ұлағат» атты кітабында: «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту, сезімді тәрбиелеу - баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық-қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз-адамзатқа қызмет ету», - деп жазылған.

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар, тәрбиешінің ролі зор. Яғни, тәрбиеші мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М. Достоевскийдің «Өзіңнен өзіңді ізде, өзіңе өзің бағын, өзіңді өзің тани біл», - дегеніндей, әр тәрбиешінің өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Н.А. Добролюбовтің «Тәрбиеші өзіне балалардың қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтасң балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның әрбір мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады. демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады», - деп айтқанындай, баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ел білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады.

\* \* \* \* \*

*Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қосжар ауылы № 67 орта мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиешісі Койбагарова Гулдаурен Баймаганбетовна*

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Ұйымдастырылған оқу іс әрекет түрі:** Көркем әдебиет.

**Мақсаты:** Балаларды ұлттық тағамдарымызбен таныстыру, қалай, қайдан келетінін түсіндіру. Төрт-түлік малды қастерлеп, қорғауға үйрету.

**Әдіс тәсілдер:** Орталықтармен жұмыс жасау, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

**Билингвальды компонент:** Шұбат-шубат-shubat, қымыз-кумыс - koumiss, Бесбармақ-бешбармак-beshbarmak.

**Көрнекіліктер:** Слайд, ұлттық тағамдар, кеспе әріптер, төрт-түлік мал.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың әрекеті.
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Біздер қазақ баласы, Сәлем сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз. Бәріне де, ізетпен, біздер сәлем береміз. - Балалар, бізге қонаққа келген қонақтармен амандасайық.	Салеметсізбе? Здраствуйте? Hello? Біз әдепті баламыз Орғымыздан тұрамыз. Әдептілік сақтап біз, Амандасып аламыз.

<p><b>Ізденушілік – ұйымдастырушылық</b></p>	<p>-Балалар, Күндей күлімдеп, айдай арайлап, жұлдыздай жарқыраған, көктемдей құлпырған көңіл күймен ашық оқу іс -әрекетін бастаймыз. Тақырыбымыз: «Ұлттық тағамдар» деп аталады. -Балалар біздің ұлтымыз қандай? Жарайсыңдар , Олай болса, біз ұлттық құндылықтарымызды танып біліп жүруіміз керек! Таңертең ұйқыдан оянамыз,жуынамыз сонан соң асқа отырғанда ең алдымен не жейміз? Дұрыс айтасыңдар ең алдымен нан келеді. Біз таңғы асымызды наннан бастайды екенбіз. Ас атасы нан деп бекер айтпағаны белгілі. Қазақ халқының өз ұлтына сай тағамдары бар. Біз сол ұлттық тағамдарымызбен мақтана аламыз. Асты қадірлеу керек. Түйе сүтінен жасалынатын шұбат өнімі,түйе сүтін ашытып дайындайды. <b>Сиыр сүтінен</b>-айран ,сүт,құрт-ірмішік т.б <b>Жылқы сүтінен</b>- саумал, қымыз өнімі дайындалады. Шұбат, қымыз сусыны ауруларға ем болады. <b>Бесбармақ</b>- қазақтың ең басты ұлттық тағамы. Үйге қонақ келгенде қой сойып, қонақасы береді. Қой асығы асыл қазынамыз, біз асықты ұлттық ойындарымызға пайдаланамыз. -Балалар- қазір қандай мереке? Жарайсыңдар балалар.</p> <p>Наурыз мерекесінде қазан-қазан көже асылады, ауыл адамдары ақ тілектерін айтып, үйлерді аралап қыдырады. Әндер айтылып, алтыбақан құрылады. Ұлттық ойындар ойналады.</p>	<p>-Қазақ</p> <p>Нан жейміз</p> <p>Жыл басы қазақтың ұлттық мерекесі- Наурыз</p> <p>Алақай «Ақ әже» әнімен ақ әжеге барады.</p>
--	--	---

	<p><b>Наурыз көже:</b> жеті түрлі дәмнен жасалады.</p> <p>-Олай болса балалар, ақ әженің аулына баруға қалай қарайсындар? Біз ақ әжеден Наурыз көженің қалай жасалуын білетін боламыз. Кеттік ендеше.</p> <p>Ақ әжемен амандасады.</p> <p>Салембердік ақ әже , есенсіз бе?</p> <p>Біз сізден наурыз көженің жасалу жолын үйренбекпіз.</p> <p><b>Ақ әже:</b> жарайсындар балаларым, әрине айтып беремін. Наурыз көже жеті түрлі дәмнен жасалады, бидай, арпа, тұз, сүт, күріш,сөк, өрік-мейіз мінекей деп жеті түрлі дәмнен жасап көрсетеді. Наурыз көжені тоя ішкен адам жыл бойына тоқ жүреді деген сөз бар. Жасалған көжеден дәм татқызады.</p> <p>-Балалар , тағы қандай сұрақтарың бар?</p> <p><b>-Ақ әже:</b> құрттың жасалуын айтады және жасап көрсетеді.</p> <p>Ал, балалар ақ әжемен қоштасайық.</p> <p>Сау болыңыз әже, сізге рахмет.</p> <p>-Ал, балалар біз әжеге барғанда не үйрендік?</p> <p>Жарайсындар балалар , біз орталықтарға бөліну арқылы құрт жасап үйренеміз.</p> <p>Орталықтарға оюлы дорбадан түрлі-түсті қызыл және көк асықтарды алу арқылы екі топқа бөлеміз.</p> <p><b>Үстел үсті орталығында:</b> тұзды қамырдан құрт және бауырсақ жасап, өз түсіне гуашпен бояу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ұлттық тағамдарды танып,білу. Түстерді ажырату, саусақ маторикасын дамыту.</p> <p><b>Әдебиет орталығы:</b> Кеспе әріптерден ұлттық тағамдарды жазып, буынға бөледі және жазған ұлттық тағамның неден алынатынын , пайдасын айтады.</p>	<p>Салембердік ақ әже, Есенсіз бе?</p> <p>-Жұлдыз Ақ әже құртты қалай жасайды?</p> <p>-Балалар жасап үйренеді.</p> <p>Сау болыңыз ақ әже!</p> <p>Наурыз көжені жасауды</p> <p>Құрт жасауды.</p>
--	---	---

	<p><b>Мақсаты:</b> Ұлттық тағамдарымызды ұмытпай және әріптерді қателеспей жазуға дағдыландыру, буынға бөліп үйрену.</p> <p>Сергіту сәті: (Балаларды ортаға жинау.)          Күнге күйіп арқамыз,          Төрт-түлікті бағамыз.          Күнде күбі пісеміз,          ақ айранды ішеміз.</p> <p>-Ал, балалар бармаған орталықталығымызға ауысайық.          Балаларды ортаға жинау.</p> <p><b>Миға шабуыл:</b> Тақтаға ілінген төрт-түлікке балалар, шығатын өнімдерді кезектесу арқылы апарып қояды.</p> <p><b>Билингвальды компонент:</b> Қымыз-кумыс- koumiss, шұбат-шубат- shubat, бесбармақ-бешбармак- besbarmak , сүт-молоко-milk.</p> <p>-Балалар, біз қайда бардық?          Оқу іс-әрекетімізде не туралы айттық?          -Мінекей, алған білімдерімізді тиянақтау арқылы, топқа бөлінер кездегі асықтарын қолдарына алып, дорбаға оқу іс-әрекетіндегі білген-түйгендерін қорытындылау мақсатында айтып дорбаға кезек-кезек асықты салады.</p> <p><b>Айша:</b>          Түйе өнімі бағалы,          Қаймақ, сүзбе шұбаты.          Уыз дәмі тым тәтті,          Есіңе түсер шын аты –деп шұбаттың түйе малынан алынатынын білдім.</p> <p><b>Жанерке:</b>          Қамбар ата ұрпағы,          Жылқы малы киелі.          Жылқы сүтінен алынған,          Қымызды бәрі сүйеді-деп қымызды жылқы малыннан алынатынын білдім.</p> <p><b>Нұрислам:</b>          Наурыз көже береке,          Елге силар мереке.</p>	<p>Қимыл арқылы жасайды.</p> <p>Түйеге-шұбатты.          Жылқыға- қымызды.          Сиырға сүт-айранды.          Қойға- сыйлы басты қойып тиянақтап айтып кетеді.</p> <p>Балалар үш тілде айтады.</p> <p>Оюлы дорбаға асықты салады.</p> <p>Оюлы дорбаға асықты салады.</p> <p>Оюлы дорбаға асықты салады.</p>
--	--	--

	<p>Жеті түрлі дәмінен, Ауыз тиеміз біріге –деп наурыз көженің жеті түрлі дәмнен жасалатынын білдім. <b>Раяна:</b> Қазы -қарта, жал-жая, Бесбармақтың сәні еді. Қонақ келсе силайтын, Дастарқанның әдебі-деп бесбармақ қазақтың ұлттық тағамы екенін білдім. <b>Жұлдыз:</b> Ақ бауырсақ шашылып, Құшағымыз ашылып. Ас атасы ақ бидай-деп бауырсақ ұлттық тағам екендігін білдім. <b>Шахислам:</b> Сиыр малы киелі, Құрт, айраны мол еді. Сүтін ішіп бәріміз, Пайдасы бізге тиеді –деп сиырдан айран,құрт, сүт алынатынын білдім. <b>Шұғыла:</b> Асты және ақты қадірлеу керек. Мінекей балалар, біз алған білімдерімізді тиянақтадық.</p>	<p>Дорбаға асықты салады.</p>
<p><b>Рефлексиялық- түзетушілік</b></p>	<p>-Балалар, оқу іс әрекетіне сендер керемет қатыстыңдар,жарайсыңдар! Балаларға оқу іс-әрекетіне өте жақсы қатысқандары үшін жұлдызша арқылы мадақтау.</p>	<p>Сау болыңыздар</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Білді:** Балалар ұлттық тағамдармен танысу арқылы, әріптермен буынға бөліп, жаза білді.

**Үйренді:** Тұзды қамырдан ұлттық тағам жасауды.

**Жасай алды:** Оқу іс-әрекетіне қатысты жұмыстарды керемет жасай алды.